

## ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

### Кіріспе бөлімі

«MyCar Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан – әрі MyCar немесе біз) сіздің жеке өміріңізге қол сұқпау құқығыңызға аса құрметпен қарайды және сіздің Дербес ақпаратыңызды қорғауға қатысты міндеттеме бойынша толық жауапкершілік көтереді. Біз сіздің Дербес ақпаратыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық заңды құралдар мен шараларды қолданатынымызға кепілдік береміз және оны осы Құпиялылық саясатында (бұдан әрі – Саясат) қарастырылған мақсаттарда пайдаланатынымызды мәлімдейміз.

Осы Саясатта Дербес деректерді жинау, пайдалану және беру жолымыз (осы Саясатта келтірілген анықтамаға сәйкес) түсіндіріледі.

Осы Саясат — Интернет желісіндегі [https://mycar.kz/user\\_agreement](https://mycar.kz/user_agreement) мекенжайында орналастырылған және/немесе қолжетімді Пайдаланушы келісімінің (бұдан әрі – «Келісім»), сондай-ақ сізбен жасасқан басқа да шарттардың (соның ішінде өтінім, келісім және т. с. с. түріндегі) немесе сізбен жасасуымыз ықтимал шарттардың ажырамас бөлігі болатынын естен шығармау керек.

Осы сайттың, сондай-ақ басқа да сайттардың қызметтерін, MyCar мобильді қолданбаларын қолдана отырып, сіз Саясатпен келісетініңізді білдіресіз, сонымен бірге өз еркіңізбен және өз мүддеңіз үшін Дербес ақпаратыңызды жинауға, жазуға, сондай-ақ осы Саясатта белгіленген мақсаттарда автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе өз қалауымыз бойынша осындай құралдарды пайдаланбай жүйелеу, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру, соның ішінде трансшекаралық (тарату, беру, қолжеткізу), иесіздендіру, бұғаттау, жою сияқты өңдеу тәсілдеріне келісіміңізді бересіз. Құпиялылық саясатының шарттарына келіспейтін жағдайда сіз сайтты, сондай-ақ басқа да сайттарды MyCar, мобильді қолданбасын пайдалануды тоқтатуыңыз керек.

Осы Саясат кез келген уақытта алдын ала ескертпестен, MyCar қалауы бойынша, қажеттілікке байланысты немесе қолданыстағы заң талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

### 1. Терминдер мен анықтамалар

Сізге Дербес ақпараттың не үшін және қай түрі жиналатынын, пайдаланылатынын және сақталатынын оңай түсіну үшін, сондай-ақ Саясатта қолданылатын кейбір терминдерді түсіну үшін оларды төменде келтірілген жеке кестеге жинадық.

Терминдер/анықтамалар	Терминнің/анықтаманың мазмұны
MyCar/біз/бізге/біздің/біздікі	«MyCar Group» ЖШС, оның үлестес тұлғалары
Сіз/Сіздің/Сізге/Пайдаланушы	Сіз Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған еңбекке қабілетті азаматы болып табылатын жеке тұлға ретінде, сондай-ақ өз атыңыздан және (немесе) үшінші тұлғалардың атынан біздің қызметтерді/жұмыстарды пайдаланасыз және (немесе) біздің тауарларды сатып аласыз
Дербес деректер/Дербес ақпарат	Сізге немесе сіздің сенім білдірушіңізге қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) басқа да материалдық тасығыш түрінде тіркелген мәліметтер
Сайт/Сервис	<a href="http://mycar.kz/ycar.kz/">http://mycar.kz/ycar.kz/</a> интернет-сайты, сондай-ақ оның үлестес тұлғаларының интернет-сайттары, мобильді қолданбалар, бағдарлама интерфейстері, электрондық пошта мен хабарламалар

### 2. Дербес ақпаратты жинау мақсаттары

2.1. Дербес деректер төмендегідей мақсаттарда жиналып, пайдаланылады:

- Сайтты пайдаланған кезде, сондай-ақ мәмілелер жасасу, өтінімдер беру, хабарландырулар орналастыру мақсаттарында пайдаланушыны сәйкестендіру;
- Сіздің алдыңызда біздің шарттық міндеттемелерді орындау;
- Пайдаланушыға Сайт ресурстарына (қызметтерге) рұқсат беру;
- Пайдаланушымен кері байланыс орнату, соның ішінде Сайтты пайдалану, қызмет көрсету, Пайдаланушының сұраулары мен өтінімдерін өңдеу, акциялар туралы жарнамалық ақпарат жолдау және MyCar басқа қызметтеріне қатысты телефон қоңырауы, хабарламалар жолдау (соның ішінде, бірақ онымен шектелместен, SMS, WhatsApp, Telegram және басқалар арқылы);
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтықтың жолын кесу үшін Пайдаланушының тұрған жерін анықтау;
- Пайдаланушы берген дербес деректердің шынайлығы мен толықтығын растау;
- Пайдаланушыға Сайтты пайдалануға байланысты проблемалар туындағанда тиімді клиенттік және техникалық қолдау көрсету;
- Пайдаланушыға MyCar атынан немесе MyCar серіктесінің атынан қызметтердің жаңартылымын, арнайы ұсыныстарды, бағалар туралы ақпаратты, жаңалықтар және басқа да мәліметтерді беру. MyCar жарнамалық қызметін іске асыру;
- Пайдаланушыға өнімдерді, жаңартылымдар мен қызметтерді алу мақсатында сайттарға немесе MyCar серіктестерінің сервистеріне рұқсат беру;
- Біз сататын тауарлардың, көрсететін қызметтердің, беретін жұмыстардың сапасын жақсарту, жаңа Сервистерді әзірлеу;
- Исезілделген деректер негізінде статистикалық және басқа да зерттеулерді жүргізу;
- Компаниямыздың қызметін талдау және оларды басқару, маркетингтік зерттеулер жүргізу, аудит, жаңа өнімдерді әзірлеу, жұмысымызды жетілдіру, тауарларымызды/қызметтерімізді және жұмыстарымызды жақсарту, пайдалану үрдісін анықтау, біздің жарнамалық науқандарымыздың тиімділігін анықтау, сондай-ақ Пайдаланушылардың қанағаттану деңгейін бағалау және оларға қолдау көрсету сияқты қызметтеріміздің түрлерін жүзеге асыру үшін;
- Тұтынушылық қызметтер мен тауарлардың жоғары сапасын ұсыну;
- Сайттың/Мобильді қолданбаның жаңа сервистерін жасау, Сайттың/Мобильді қолданбалардың жұмысын жақсарту және Пайдаланушылар мен Жеткізушілердің өзара әрекеттестігі;
- Пайдаланушының қалауларына сәйкес келетін таргеттелген жарнама ұсыныстарын беру;
- Сайттың/Мобильді қолданбаның үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін Пайдаланушы пайдаланатын әртүрлі құрылғыларды байланыстыру;
- Сайтты/Мобильді қолданбаны ұйымдастыру, құрылымдау, дерекқорды жасау және пайдалану;
- Пайдаланушымен оған ыңғайлы тәсілмен байланысу;
- Сайттың/Мобильді қолданбаның жұмысын барынша жақсарту мақсатында Пайдаланушылардан сауалнама, сұрақ-жауап алу, зерттеулер мен олардың қолданысына талдау жүргізу және Пайдаланушылардың қызығушылықтары, пікірлері негізінде Сайттың жаңа функциялары мен сервистерін жасау;
- Алаяқтықты немесе басқа да заңға қайшы әрекеттердің алдын алу, анықтау және олармен күресу;
- Сайттың/Мобильді қолданбаның жұмысындағы ақауларды жою және т.с.с.

### **3. Дербес деректердің тізімі**

3.1. Біз төмендегідей ақпаратты жинаймыз:

- Сайтқа кірген кезде сайттың бағдарламалық құралы автоматты түрде жинайтын техникалық ақпарат;

- Сіз тиісті форманы толтырған кезде беретін Дербес ақпарат немесе MyCar Пайдаланушымен тікелей байланыс жасағанда немесе Пайдаланушы әлеуметтік желілерді пайдаланған кезде алатын ақпарат;

- Басқа ақпаратты Сіз өз қалауыңызға қарай бересіз.

### 3.2. Техникалық ақпарат.

Сіз Сайтқа, Сайт әкімшілігіне кіргенде сервердің тіркейтін стандартты журналындағы (server logs) ақпарат автоматты түрде қолжетімді болады, атап айтқанда:

- Сіздің компьютеріңіздің (немесе прокси-сервердің, егер ол Интернетке шығу үшін пайдаланылатын болса) IP мекенжайы;

- Интернет-провайдердің атауы;

- Домен атауы;

- браузер және операциялық жүйе түрі;

- Сіз Сайтқа өткен әлеуметтік желілердегі сайт/бет туралы ақпарат;

- Сіз кіретін Сайт беттері туралы ақпарат;

- Осы кіру күні мен уақыты, файлдар;

- Пайдаланушының әлеуметтік желілеріндегі және басқа да жалпыға қолжетімді дерек көздеріндегі парақшаларда тұрған фотосуреттер, жарияланымдар, басқа да деректер, Пайдаланушы байланысқан адамдар туралы деректер, әлеуметтік желілердегі парақшалар, хэштегтер, түсініктемелер, пікірлер, топтар, қоғамдастықтар, іс-шаралар, адамдар туралы деректер және т. с. с.;

- Аккаунтты, әлеуметтік желілердің аккаунттарын пайдалану туралы, Сайттағы сатып алушылық белсенділік туралы, сатып алатын тауарлар туралы, тауарларды, брендтерді қалау және т.б. туралы деректер;

- Пайдаланушы Аккаунтқа қолданатын құрылғы туралы деректер, соның ішінде: аппараттық және бағдарламалық құрал, құрылғылар сәйкестендіргіштері туралы, Интернет қосылыс туралы ақпарат, Пайдаланушы құрылғысының тұрған жері туралы ақпарат (GPS, Bluetooth, Wi-Fi), қолданбалардың, cookie файлдардың және т. б. деректері;

- Пайдаланушының Контакт-орталыққа хабарлауларының жазбасы, Пайдаланушының MyCar компаниясымен Сайтта/Мобильді қолданбада (кері байланыс) алмасқан хаттары.

3.3. Бұл ақпаратты біз біріктірген (иесізделген) түрде Сайтқа кіру санын анықтау үшін талдаймыз және оны жақсарту және дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу кезінде пайдаланылады. Сіздің IP мекенжайыңыз бен сіздің дербес ақпаратыңыздың арасындағы байланыс, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талап еткен жағдайдан басқа кезде, ешқашан үшінші тұлғаларға жарияланбайды.

### 3.4. Дербес ақпарат.

Дербес ақпаратқа мыналарды жатқызамыз:

- Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

- Туған күні мен жері;

- Жынысы;

- Ұлты;

- Жеке сәйкестендіру нөмірі;

- Байланыс деректері: тұрақты тіркелген жерінің мекенжайы, уақытша тіркелген жерінің мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы;

- Жеке басты куәландыратын құжаттың деректері: құжат атауы, құжат нөмірі, құжаттың берілген күні, құжаттың жарамдылық мерзімі, құжатты берген мекеме;

- Кредиттік және дебеттік карталардың, сондай-ақ банк шоттарының нөмірлері және басқа төлем құжаты;

- Портреттік суреті, бейнематериалдар (фотосурет);

- Биометриялық деректер;

- MyCar кез келген көзден алған Пайдаланушыны сипаттайтын басқа да деректер.

3.5. Шартқа отыру мақсаттарында Пайдаланушы өзі туралы және өзі өкілі болған мекеме және оның өкілдері туралы келесі дербес деректерді бере алады: аты, әкесінің аты, тегі, лауазымы, телефон нөмірі; қосымша берілуі ықтимал: атауы, БСН, банк шотының нөмірі, әділет органдарында тіркелген нөмірі, осындай мекеменің тіркелген мекенжайы мен пошта индексі, корпоративтік телефон нөмірі, қызмет көрсетуші банк атауы, оның БСК және корреспонденттік шоты. Мекеме туралы көрсетілген мәліметтер дербес деректерге қатысты емес.

3.6. Егер жеке тұлға жеке кәсіпкер ретінде немесе осындай жеке кәсіпкердің қалауы немесе тікелей жазбаша келісімі бойынша оның атынан әрекет етсе, тиісінше мыналар қосымша берілуі мүмкін: жеке кәсіпкердің тегі мен инициалдары, ССН, хат алмасу мекенжайы, телефон нөмірі, банк шотының нөмірі, қызмет көрсетуші банк атауы, оның БСК және корреспонденттік шоты.

#### **4. Тараптардың міндеттемелері**

##### 4.1. Пайдаланушының міндеттері:

- бізбен мәміле (шарттар, өтінімдер, тапсырыс-жүктелім және басқа түрде) жасасу үшін дербес деректер туралы ақпаратты беру ;
- дербес деректер өзгерген жағдайда берілген осы ақпаратты қысқа уақыт ішінде жаңарту, толықтыру . Пайдаланушы дербес деректердегі өзгерістер туралы ескертпеген немесе уақытылы ескертпеген жағдайда, МуСаг осындай ескертпеу немесе уақытылы ескертпеу себебінен орын алған кез келген қолайсыз салдар үшін жауапкершіліктен босатылады.

##### 4.2. Біздің міндеттеріміз:

- Алынған Дербес ақпаратты тек осы Саясатта көрсетілген мақсаттар үшін пайдалану;
- Дербес ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету;
- Пайдаланушыдан алынған Дербес ақпаратты қолданыстағы іс жүргізуде пайдаланылатын осындай ақпараттың құпиялылығын қорғау үшін қолданылатын тәртіпке сәйкес сақтық шараларды қолдану;
- Жалған Дербес деректерді немесе заңсыз әрекеттерді анықтаған жағдайда тиісті Пайдаланушыға қатысты Дербес деректерді оның жүгінген, сұраған немесе Пайдаланушының заңды өкілі немесе дербес деректердің субъектілерінің құқықтарын қорғаушы өкілетті орган жүгінген сәттен бастап тексеру кезеңі ішінде блоктау.

#### **5. Дербес деректерді алу тәсілдері. Дербес деректерді қорғау**

5.1. Біз Дербес деректерді келесі тәсілдермен жинаймыз:

- Пайдаланушыдан немесе оның өкілінен тікелей;
- Пайдаланушының браузері немесе құрылғысы арқылы;
- басқа көздерден, соның ішінде, бірақ онымен шектелместен: мысалы, жалпыға қолжетімді дерекқор; бірлескен маркетингілік және (немесе) қаржылық-шаруашылық қызмет бойынша серіктестері; бізде немесе сізде шарттық қатынас орнаған банктер, сақтандыру компаниялары және (немесе) басқа да қаржы ұйымдары; ұялы байланыс операторлары; әлеуметтік платформалар; пайдаланушылардың достары немесе олармен әлеуметтік платформалар арқылы байланысқан басқа адамдар, сондай-ақ өзге де үшінші тұлғалар.

5.2. Біз Пайдаланушылардың Дербес деректерін қорғау үшін барлық қажетті әрі жеткілікті түрде ұйымдастырылған техникалық сақтық шараларды қолданамыз. Дербес деректерге қолжеткізу рұқсаты қажет жұмыс функцияларын орындауы қажет МуСаг жұмысшылары ғана Пайдаланушылар туралы ақпаратқа қол жеткізе алады.

5.3. Пайдаланушы өзі рұқсат еткен Дербес деректерді қауіпсіз сақтауға салғырт қарағанда үшінші тұлғалар ол деректерге заңсыз қол жеткізуі мүмкіндігін мойындайды. МуСаг, осындай қолжетімділіктен келген залалдар (соның ішінде шығын және жіберіп алынған пайда) үшін жауапты болмайды. Біз сізге сандар мен әріптерден құралған күрделі құпия сөзді пайдалануға кеңес береміз.

5.4. Біз сізден мұқият болуды және сіздің Дербес ақпаратыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолдануды, соның ішінде интернет және «фишинг» арқылы алаяқтықтан қорғау шараларын қолдануды сұраймыз.

## **6. Дербес деректерге қол жеткізу**

6.1. Пайдаланушының Дербес деректеріне MyCar (оның жұмысшыларының атынан) басқа келесі тұлғалар да қол жеткізе алады:

- MyCar-ның кез келген үлестес жеке және (немесе) заңды тұлғалары;
- MyCar сервистерін пайдалана отырып сатылатын тауарлардың (автокөліктердің, қосалқы бөлшектердің, керек-жарақтардың және т.б.) өндірушілері (олардың өкілдері), MyCar серіктестері;
- осы Саясаттың 2-бөлімінде көрсетілген мақсаттарға жету үшін үшінші тұлғалар. Мұндай тұлғаларға мыналар кіреді (соның ішінде, бірақ онымен шектелместен):
  - ✓ банктер, сақтандыру компаниялары және өзге де қаржы мекемелері;
  - ✓ бізге қызмет көрсететін, сайттарда, бағдарламаларда, өнімдерде немесе осындай тұлғаларға тиесілі сервистерде жарнамаларды орналастырумен және көрсетумен байланысты бізге қызмет көрсететін сайттардың және қолданбалардың иелері;
  - ✓ жарнама берушілер және (немесе) жарнама таратушылар, байланыс операторлары, MyCar шарттық қатынас құрған басқа да компаниялар.

6.2. Пайдаланушылардың Дербес деректері төмендегілерге де берілуі мүмкін:

- құқықтары немесе міндеттері өздеріне қатысты шегерілген үшінші тұлғалар немесе тиісті келісім бойынша новация;
- кез келген қазақстандық және (немесе) халықаралық реттеуші органға, құқық қорғау органдарына, атқарушы билік органдарына, басқа да ресми немесе мемлекеттік органдарға немесе MyCar тиісті сұрау бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сәйкес ақпаратты беруге міндетті соттарға;
- егер сіз өзіңіздің Дербес ақпаратыңызды беруге келіскен болсаңыз, үшінші тұлғаларға немесе Дербес ақпаратты беру сізге тиісті тауарды ұсыну, қызмет көрсету, жұмыс орындау немесе белгілі бір келісімді немесе сізбен жасасқан шартты орындау үшін қажет болғанда;
- Сіз Пайдаланушы келісімін, осы Саясатты, сізбен жасасқан шарт талаптарын бұзған болсаңыз немесе осындай бұзу қаупі бар жағдай туындағанда MyCar-ны немесе үшінші тұлғаларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету мақсатында кез келген үшінші тұлғаға.

## **7. Қорытынды ережелер**

7.1. Біз сіздің дербес ақпаратыңызды оның жиналған мақсатына жету немесе Қазақстан Республикасының заңдық талаптарын орындау үшін қажетті болатын уақыт бойы сақтайтын боламыз.

7.2. Құпиялылық саясаты дербес деректер мен ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету процедураларына, сондай-ақ үшінші тұлғалардың басқа процедураларына, соның ішінде сілтемелері MyCar сайттарында бар бөтен сайттардың жұмысын қамтамасыз ететін үшінші тұлғаларға қолданылмайды, және біз бөтен сайттардағы пайдаланушылардың ақпаратының құпиялылығы үшін жауап бермейміз. MyCar сайттарында басқа сайттардың сілтемелерін көрсетуді біз немесе біздің үлестес тұлғаларымыз ол сайттарды мақұлдаймыз дегенді білдірмейді.

7.3. MyCar Facebook, Apple, Google, Microsoft сияқты басқа компаниялардың және кез келген басқа қолданба әзірлеушілері, қолданба жеткізушілері, әлеуметтік желі платформасы жеткізушілері, операциялық жүйе жеткізушілері, сымсыз байланыс жеткізушілері және құрылғы өндірушілері, соның ішінде пайдаланушылар біздің әлеуметтік желілердегі қолданбалар немесе парақшаларымыз арқылы басқа ұйымдарға

жариялайтын Дербес деректерді, ақпаратты жинау, пайдалану және жариялау саясаты (соның ішінде деректерді қорғауды қамтамасыз ету тәртібі) үшін жауапты болмайды.

7.4. <http://www.mycar.kz/> сайты және біздің мобильді қолданбаны пайдалана отырып, сіз құрылғыңызда cookie файлдарын орналастыруға, cookie файлы мен IP мекенжайларға сақтайтынымызбен және кіретінімізбен және веб-сайтты пайдалану тәжірибесін жақсарту мақсатында веб-сайтты пайдалану туралы деректерді жинау үшін басқа әдістерді пайдаланатынымызбен келісесіз.

Деректер сіздің веб-сайтты, браузерді және сіз кіретін құрылғы түрі туралы ақпаратты, тұрған жеріңізді қамтуы мүмкін.

<http://www.mycar.kz/> сайтына кіре және оны пайдалана отырып, құрылғыңызға cookie файлдарын орналастыратынымызбен келісесіз.

7.5. Сіз бізге cookie файлдарды пайдалануымызға өз келісіміңізді бергеннен кейін, біз cookie файлдарды сіздің компьютеріңізде сақтап қоямыз, бұл сіздің сайтқа келесі кіргеніңізде осы келісімді жаттап қалу үшін қажет. Сіздің келісіміңіз уақыт өте аяқталады (және барлық жағдайда 13 ай ішінде). Егер сіз келісіміңізді кез келген уақытта қайтарып алуды шешсеңіз, сізге интернет-браузеріңіздегі баптауларды пайдалана отырып cookie файлдарыңызды жою керек.

7.6. MyCar Пайдаланушының келісімінсіз және оған ескертпестен осы Саясатқа өзгертулер енгізуге құқылы. Пайдаланушы Саясаттың жаңартылған нұсқасымен танысу жауапкершілігін өз мойнына алады. Саясатқа енгізілетін өзгертулер Саясаттың жаңа редакциясымен басқасы көзделмесе, Сайтқа орналастырылғаннан бастап күшіне енеді.

7.7. Егер біз жинаған ақпарат 18 жасқа толмаған адамнан жиналғанын біліп қойсақ, біз қисынды қысқа уақыт ішінде мұндай ақпаратты жойып, сол адамның тиісті веб-торапқа кіруін шектейміз.

7.8. Саясатқа және Пайдаланушы мен MyCar арасындағы Саясатты қолдануға байланысты туындайтын қарым-қатынасқа Қазақстан Республикасының заңы қолданылады.

7.9. Пайдаланушының дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау кезінде MyCar Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңын басшылыққа алады.

7.10. Осы Саясатқа қатысты сұрақтарыңыз, пікірлеріңіз және ескертулеріңіз болса бізге хабарласуыңызды сұраймыз. Пайдаланушы бізге мыналар туралы хабарлауға құқылы:

- болашақта бізден хаттар (хабарламалар) алуды қаламау туралы;
- бізде ол туралы қандай ақпарат бар екенін білгіңіз, бізде сақталған Дербес деректеріңіздің көшірмесін алғыңыз келгенде (осындай сұратылған ақпаратты берген кезде пошта шығындарын өтеу және ақпаратты іздеу және өңдеу жұмыстарының ақысын төлеу үшін әкімшілік алым алынуы мүмкін);
- бізде сақтаулы тұрған өзіңіздің Дербес деректері нақты емес, дәл емес, өзекті емес немесе мәнін жоғалтқан деп есептейтіні туралы;
- Саясаттың кез келген бұзылулары туралы;

Пайдаланушы Құпиялылық саясатына сәйкес жүктелген орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда, MyCar-ның пайдаланушы деректерін жинауға, сақтауға, өңдеуге және пайдалануға берген өз келісімін қайтарып алуға құқылы. Қайтару жазбаша түрде рәсімделіп, тапсырыс хатпен немесе курьермен келесі мекенжайға жолданады: Алматы қаласы, \_\_\_\_\_. MyCar көрсетілген қайтаруды алған сәттен 1 (бір) жұмыс күні ішінде сол Пайдаланушының деректерін жинауды, өңдеуді және пайдалануды тоқтатуға міндеттенеді, бұл амал Пайдаланушыны Пайдаланушылар тізімінен шығарып тастау, Пайдаланушының аккаунтын және Жеке кабинетін, оның дербес, биометриялық деректерін жою арқылы орындалады.

# ПОЛИТИКА КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТИ

## Вводная часть

Товарищество с ограниченной ответственностью «MyCar Group» (далее - MyCar или мы) с большим уважением относится к Вашему праву на неприкосновенность частной жизни, и с полной ответственностью принимает на себя обязательства в отношении защиты Вашей Персональной информации. Мы гарантируем Вам, что предпринимаем все законные средства и меры с целью обеспечения безопасности Вашей Персональной информации и заявляем о том, что используем ее в целях, предусмотренных настоящей Политикой конфиденциальности (далее – Политика).

Настоящая Политика объясняет, как именно мы собираем, используем и передаем Персональные данные (согласно определению, приведенному в настоящей Политике).

Важно помнить, что настоящая Политика — неотъемлемая часть Пользовательского соглашения (далее — «Соглашение»), размещенного и/или доступного в сети Интернет по адресу: <http://mycar.kz>, а также других заключенных с Вами договоров (в том числе, в форме заявок, соглашений и тому подобное), или договоров, которые могут быть заключены с Вами.

Пользуясь услугами настоящего сайта, а также других сайтов, мобильных приложений MyCar, Вы выражаете свое согласие с Политикой, и по своей воле и в своих интересах даете согласие на сбор, запись, а также следующие способы обработки Персональной информации: систематизация, хранение, уточнение (обновление, изменение), извлечение, использование, передачу, в том числе трансграничную (распространение, предоставление, доступ), обезличивание, блокирование, удаление, уничтожение в установленных настоящей Политикой целях, с использованием средств автоматизации или без использования таких средств по усмотрению. В случае несогласия с условиями Политики конфиденциальности Вы должны прекратить пользование сайтом, а также другими сайтами, мобильным приложением MyCar,.

Настоящая Политика может быть изменена в любое время без предварительного уведомления, по усмотрению MyCar, в связи с необходимостью либо в соответствии с требованиями действующего законодательства.

## 1. Термины и определения

Для того, чтобы Вам было проще понять – как, для чего и какая Персональная информация собирается, используется и хранится нами, а также понять некоторые термины, применяемые в Политике, мы собрали их в отдельную таблицу, приведенную ниже.

Термин/определение	Содержание термина/определения
MyCar/мы/нам/наш	ТОО «MyCar Group», а также его аффилированные лица
Вы/Ваш/Вам/Пользователь	Вы, как физическое лицо, являющееся дееспособным гражданином Республики Казахстан, достигшее 18 лет, а также пользуетесь нашими услугами/работами и (или) приобретаете наши товары от своего имени и (или) от имени третьих лиц
Персональные данные/Персональная информация	Сведения, относящиеся к Вам или Вашему доверителю, зафиксированные на электронном, бумажном и (или) ином материальном носителе
Сайт/Сервис	Интернет-сайт <a href="http://mycar.kz/">http://mycar.kz/</a> , а также официальные интернет-сайты его аффилированных лиц, мобильные приложения, программные интерфейсы, электронная почта и уведомления

## 2. Цели сбора персональной информации

2.1. Персональные данные собираются и используются в следующих целях:

- Идентификация Пользователя при пользовании Сайтом, а также в целях заключения сделок, заявок, размещения объявлений;
- Исполнения наших договорных обязательств перед Вами;
- Предоставления Пользователю доступа к ресурсам (услугам) Сайта;
- Установления с Пользователем обратной связи, включая телефонный звонок, направление уведомлений (в том числе, включая, но, не ограничиваясь, посредством SMS, WhatsApp, Telegram и иное), запросов, касающихся использования Сайта, оказания услуг, обработка запросов и заявок от Пользователя, направления рекламных информационных сообщений об акциях и других услугах MyCar;
- Определения места нахождения Пользователя для обеспечения безопасности, предотвращения мошенничества;
- Подтверждения достоверности и полноты персональных данных, предоставленных Пользователем;
- Предоставления Пользователю эффективной клиентской и технической поддержки при возникновении проблем, связанных с использованием Сайта;
- Предоставления Пользователю обновлений услуг, специальных предложений, информации о ценах, новостной рассылки и иных сведений от имени MyCar или от имени партнеров MyCar. Осуществления рекламной деятельности MyCar;
- Предоставления доступа Пользователю на сайты или сервисы партнеров MyCar, с целью получения продуктов, обновлений и услуг;
- Улучшение качества реализуемых нами товаров, оказываемых услуг, предоставляемых работ, разработка новых Сервисов;
- Проведение статистических и иных исследований на основе обезличенных данных;
- Для осуществления видов нашей деятельности, таких как анализ деятельности наших компаний и управление ими, маркетинговые исследования, аудит, разработка новых продуктов, усовершенствование нашей работы, улучшение наших товаров и услуг/работ, выявление тенденций использования, определение эффективности наших рекламных кампаний, а также оценка степени удовлетворенности Пользователей и предоставления им поддержки;
- Предоставление высокого качества оказания потребительских услуг и Товаров;
- Создание новых сервисов Сайта/Мобильного приложения, улучшение работы Сайта/Мобильного приложения и взаимодействия Пользователей и Поставщиков;
- Предоставление таргетированных рекламных предложений, соответствующих предпочтениям Пользователя;
- Связывание различных устройств, используемых Пользователем, для обеспечения бесперебойной работы Сайта/Мобильного приложения;
- Организация, структурирование Сайта/Мобильного приложения, создания и использования базы данных;
- Осуществление коммуникаций с Пользователем удобным для него способом;
- Проведение анкетирования, опросов, исследования и анализа поведения Пользователей с целью максимального улучшения работы Сайта/Мобильного приложения и создания новых функций и сервисов Сайта на основании интересов, отзывов Пользователей;
- Предотвращение, обнаружение и борьба с мошенничеством или иными неправомерными действиями;
- Устранение сбоев в работе Сайта/Мобильного приложения и пр.

### **3. Перечень персональных данных**

3.1. Мы собираем следующую информацию:



- Техническая информация, автоматически собираемая программным обеспечением Сайта во время его посещения;
- Персональная информация, предоставляемая Вами при заполнении соответствующей формы или информация, получаемая MyCar при непосредственном контакте с Пользователем либо при использовании Пользователем социальных сетей;
- Иная информация предоставляется Вами на Ваше усмотрение.

### 3.2. Техническая информация.

При посещении Вами Сайта, администрации Сайта автоматически становится доступной информация из стандартных журналов регистрации сервера (server logs), а именно:

- IP-адрес Вашего компьютера (или прокси-сервера, если он используется для выхода в Интернет);
- Имя Интернет-провайдера;
- Имя домена;
- тип браузера и операционной системы;
- Информация о сайте/странице в социальных сетях, с которого Вы совершили переход на Сайт;
- Информация о страницах Сайта, которые Вы посещаете;
- Дата и время этих посещений, файлы;
- фотографии, публикации, иные данные, находящиеся в общем доступе на страницах Пользователя в социальных сетях и иных общедоступных источниках, данные о людях, страницах в социальных сетях, хэштегах, комментариях, отзывах, группах, сообществах, мероприятиях, людях, с которыми связан Пользователь и пр;
- данные об использовании Аккаунта, аккаунтов социальных сетей, о покупательской активности на Сайте, о приобретаемых Товарах, о предпочтении Товаров, брендов и пр;
- данные об устройствах, посредством которых Пользователь пользуется Аккаунтом, в том числе: информацию об аппаратном и программном обеспечении, идентификаторы устройств, об Интернет-соединении, информацию о местонахождении устройства Пользователя (GPS, Bluetooth, Wi-Fi), данные приложений, файлов cookie и пр;
- записи обращений Пользователя в Контакт-центр, переписка Пользователя со MyCar на Сайте/в Мобильном приложении (обратная связь).

3.3. Данная информация анализируется нами в агрегированном (обезличенном) виде для анализа посещаемости Сайта, и используется при разработке предложений по его улучшению и развитию. Связь между Вашим IP-адресом и Вашей персональной информацией никогда не раскрывается третьим лицам, за исключением тех случаев, когда это требует действующее законодательство Республики Казахстан.

### 3.4. Персональная информация.

К персональной информации мы относим:

- Фамилия, имя, отчество (при его наличии);
- Дата и место рождения;
- Пол;
- Национальность;
- Индивидуальный идентификационный номер;
- Контактные данные: адрес места постоянной регистрации, адрес места временной регистрации, контактные телефоны, адрес электронной почты;
- Данные документа, удостоверяющего личность: наименование документа, номер документа, дата выдачи документа, срок действия документа, орган, выдавший документ;
- Номера кредитной и дебетовой карт, а также банковских счетов и иная платежная информация;
- Портретное изображение, видеоматериалы (фотография);
- Биометрические данные;

- Иные данные, способные характеризовать Пользователя, полученные MyCar из любых источников.

3.5. В целях заключения договоров Пользователь также может предоставить следующие персональные данные о себе или об организации и её представителях, в интересах которой он действует: имя, отчество, фамилия, должность, телефонный номер, дополнительно могут предоставляться наименование, БИН, номер банковского счета, номер регистрации в органах юстиции, адрес регистрации и почтовый адрес такой организации, корпоративный телефонный номер, наименование обслуживающего банка, его БИК и корреспондентский счет. Указанные сведения об организации не относятся к персональным данным.

3.6. Если физическое лицо действует в качестве индивидуального предпринимателя или в его интересах, по желанию или с непосредственного письменного согласия такого индивидуального предпринимателя, соответственно, дополнительно могут предоставляться: фамилия и инициалы индивидуального предпринимателя, ИНН, адрес для переписки, телефонный номер, номер банковского счета, наименование обслуживающего банка, его БИК и корреспондентский счет.

## **4. Обязательства сторон**

### 4.1. Пользователь обязан:

- предоставить информацию о персональных данных, необходимых в целях заключения сделки (договора, заявки, заказ-наряда и в иной форме) с нами;
- в кратчайшие сроки обновить, дополнить предоставленную информацию о персональных данных в случае изменения данной информации. При не уведомлении или несвоевременном уведомлении Пользователем об изменении в персональных данных, MyCar освобождается от ответственности за любые неблагоприятные последствия, ставшие следствием такого не уведомления или несвоевременного уведомления.

### 4.2. Мы обязаны:

- Использовать полученную Персональную информацию исключительно для целей, указанных в настоящей Политике;
- Обеспечить сохранность Персональной информации;
- Принимать меры предосторожности для защиты конфиденциальности Персональных данных Пользователя согласно порядку, обычно используемого для защиты такого рода информации в существующем деловом обороте;
- Осуществить блокирование Персональных данных, относящихся к соответствующему Пользователю, с момента его обращения, запроса или обращения законного представителя Пользователя либо уполномоченного органа по защите прав субъектов персональных данных на период проверки, в случае выявления недостоверных Персональных данных или неправомερных действий.

## **5. Способы получения персональных данных. Защита персональных данных**

5.1. Мы осуществляем сбор Персональных данных следующими способами:

- непосредственно от Пользователя или от уполномоченных им представителей;
- через браузер или устройство Пользователя;
- из других источников, в том числе, включая, но, не ограничиваясь: например, общедоступные базы данных; партнеры по совместной маркетинговой и (или) финансово-хозяйственной деятельности; банки, страховые компании и (или) иные финансовые организации, с которыми имеются договорные отношения у нас или у Вас; операторы сотовой связи; социальные платформы; друзья пользователей или иные лица, связанные с ними через социальные платформы, а также прочие третьи лица.

5.2. Мы принимаем все необходимые и достаточно организационные, технические меры предосторожности для защиты Персональных данных Пользователей. Только те работники MyCar, которым необходимо выполнять рабочие функции, для которых требуется доступ к Персональным данным, имеют доступ к информации о Пользователях.

5.3. Пользователь признает, что в случае халатного отношения самим Пользователем к безопасному хранению Персональных данных дающим доступ к ним, третьи лица могут получить несанкционированный доступ к ним. MyCar, не несет ответственность за убытки (в том числе, ущерб и упущенную выгоду) причиненные таким доступом. Мы рекомендуем Вам использовать сложные пароли, состоящие из цифр и букв.

5.4. Мы убедительно просим Вас быть бдительными и принимать все необходимые меры для обеспечения безопасности Вашей Персональной информации, в том числе, принять меры для защиты от мошенничества через интернет и «фишинга».

## **6. Доступ к персональным данным**

6.1. Доступ к Персональным данным Пользователя, помимо MyCar (в лице их работников), могут получать следующие лица:

- любые аффилированные физические и (или) юридические лица MyCar;
- производители и продавцы (и их уполномоченные представители) товаров (автомобилей, запасных частей, аксессуаров и иное), реализуемых с использованием Сервисов MyCar, партнеры MyCar;
- третьи лица, для достижения целей, указанных в разделе 2 настоящей Политики. К таким лицам могут относиться (включая, но, не ограничиваясь):
  - ✓ банки, страховые компании и иные финансовые учреждения;
  - ✓ владельцы сайтов и приложений, которые предоставляют нам услуги, связанные с размещением и отображением рекламы на сайтах, в программах, продуктах или сервисах, которые принадлежат таким лицам;
  - ✓ рекламодатели и (или) рекламораспространители, операторы связи и иные компании, с которыми состоит в договорных отношениях MyCar.

6.2. Персональные данные Пользователей могут быть переданы также:

- третьим лицам, в отношении которых произведена уступка прав или обязанностей, или новация по соответствующему соглашению;
- любому казахстанскому и (или) международному регулирующему органу, правоохранительным органам, исполнительным органам власти, другим официальным или государственным органам, или судам, в отношении которых MyCar обязана предоставлять информацию в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан по соответствующему запросу;
- третьим лицам, в случае если Вы выразили согласие на передачу Вашей Персональной информации либо передача Персональной информации требуется для предоставления Вам соответствующего товара, оказания услуги, выполнения работы, или выполнения определенного соглашения или договора, заключенного с Вами;
- любому третьему лицу в целях обеспечения правовой защиты MyCar или третьих лиц при нарушении Вами Пользовательского соглашения, настоящей Политики, условий договора, заключенного с Вами, либо в ситуации, когда существует угроза такого нарушения.

## **7. Заключительные положения**

7.1. Мы будем хранить Вашу Персональную информацию столько времени, сколько это необходимо для достижения цели, для которой она была собрана, или для соблюдения требований законодательства Республики Казахстан.

7.2. Политика конфиденциальности не распространяется на процедуры обеспечения конфиденциальности персональных данных и информации, а также на иные процедуры третьих лиц, включая третьих лиц, обеспечивающих деятельность сторонних сайтов, ссылки на которые содержатся на сайтах MyCar, и мы не отвечаем за конфиденциальность информации пользователей на сторонних сайтах. Указание на Сайтах MyCar ссылок на сторонние сайты не подразумевает одобрение таких сайтов нами или нашими аффилированными лицами.

7.3. MyCar не несет ответственность за политику сбора, использования и раскрытия информации (включая порядок обеспечения защиты данных) других компаний, таких как Facebook, Apple, Google, Microsoft, и любых других разработчиков приложений, поставщиков приложений, поставщиков услуг платформ социальных сетей, поставщиков операционных систем, поставщиков услуг беспроводного соединения и изготовителей устройств, включая Персональные данные, раскрываемые нашими пользователями другим организациям при помощи Приложений или наших страниц в социальных сетях (или в связи с таковыми).

7.4. Используя сайт <http://www.mycar.kz/> и наше мобильное приложение, Вы соглашаетесь с тем, что мы можем размещать файлы cookie на Вашем устройстве, хранить и получать доступ к cookie, IP-адресам и использовать другие методы для сбора данных об использовании веб-сайта для улучшения Вашего опыта использования веб-сайта.

Данные могут включать информацию об использовании Вами веб-сайта, браузера и типа устройства, с которого Вы получаете доступ, и Ваше местонахождение.

Посещая и используя <http://www.mycar.kz/>, Вы соглашаетесь с тем, что мы размещаем файлы cookie на Вашем устройстве.

7.5. После того, как Вы дали нам свое согласие на использование файлов cookie, мы храним файл cookie на Вашем компьютере или устройстве, чтобы запомнить Ваше согласие для следующего Вашего посещения сайта. Ваше согласие истекает периодически (и во всех случаях в течение 13 месяцев). Если Вы хотите отозвать свое согласие в любое время, Вам необходимо удалить свои файлы cookie, используя настройки Вашего интернет-браузера.

7.6. MyCar вправе вносить изменения в настоящую Политику без согласия и без уведомления Пользователя. Пользователь берет на себя ответственность за ознакомление с обновленной версией Политики. Изменения в Политику вступают в силу с момента ее размещения на Сайте, если иное не предусмотрено новой редакцией Политики.

7.7. Если мы узнаем, что собранная нами информация получена от лица, не достигшего 18-летнего возраста, мы удалим такую информацию в разумно кратчайшие сроки и можем запретить такому лицу доступ к соответствующему веб-узлу.

7.8. К Политике и отношениям между Пользователем и MyCar, возникающим в связи с применением Политики, подлежит применению право Республики Казахстан.

7.9. При сборе, обработке и хранении Персональных данных Пользователей MyCar руководствуется Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите».

7.10. Просим обращаться к нам со всеми вопросами, комментариями и замечаниями относительно настоящей Политики. Пользователь вправе сообщить нам:

- о своем нежелании в будущем получать от нас обращения (уведомления);
- о своем желании узнать, какая информация о нем имеется у нас, получить копию хранимых у нас своих Персональных данных (при предоставлении такой запрошенной информации может взиматься административный сбор для покрытия почтовых расходов и оплаты работы по поиску и обработке информации);
- о том, что считает те или иные его Персональные данные, хранимые у нас, неточными, неполными, неактуальными или не имеющими значения;
- о любых нарушениях Политики;

Пользователь вправе отозвать свое согласие на сбор, хранение, обработку и использование его данных MyCar при условии отсутствия неисполненных обязательств, принятых согласно Политике конфиденциальности. Отзыв оформляется в письменной форме и направляется заказным письмом или курьером по адресу: город Алматы, \_\_\_\_\_. В течение 1 (одного) рабочего дня с момента получения указанного отзыва MyCar обязуется прекратить сбор, хранение, обработку и использование данных соответствующего Пользователя посредством исключения Пользователя из числа Пользователей, удаления Аккаунта и Личного кабинета Пользователя, уничтожения персональных, биометрических данных Пользователя.